



**«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР МҰРАЛАРЫ»
республикалық конференциясының өткізу туралы
АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

Құрметті әріптестер!

Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған 2024 жылғы **18 сәуір** Астана қаласында **«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР МҰРАЛАРЫ»** республикалық конференцияға қатысуға шақырамыз.

Конференция барысында 2023-2024 оқу жылы мерейтойлары атап өтілетін ұлы тұлғалар: Бұқар жырау Қалқаманұлы (355 жыл), Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (165 жыл), Жүсіпбек Аймауытов (135 жыл), Ілияс Жансүгіров (130 жыл), Сәкен Сейфуллин (130 жыл), Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (125 жыл), Әлкей Хақанұлы Марғұлан (120 жыл), Әбілхан Қастеев (120 жыл), Бердібек Соқпақбаев (100 жыл) мұраларын өскелең ұрпаққа насихаттау арқылы ХХІ ғасырдың білім экономикасының дамуына, ғылыми әлеуеттің сақталуына және өсуіне ықпал етуге және педагогтердің іс-тәжірибелерін республикаға тарату мақсатында өткізеді.

МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ:

Конференция мақсаты: ұлы тұлғалардың шығармашылықтарын кеңінен насихаттап, педагогтердің инновациялық әдістері мен шығармашылық әлеуеттерін қалыптастыра отырып тарату.

Міндеттері:

- тәрбие мен оқудың біртұтастығын сақтау;
- тарихи тұлғаларды, оқиғаларды насихаттау, ұлықтау;
- қосымша білім беру бағытын жандандыру;
- ұлттық ойындарды кеңінен насихаттау;
- экология мәдениетін қалыптастыру;
- жасанды интеллект салаларын қолдануды дамыту.

Конференция ұйымдастырушылары: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК және №43 қосымша білім беру мектеп - орталығы.

Конференция қатысушылары: Республикалық конференцияға Ақмола облысы, Қарағанды облысы, Астана қаласының жалпы білім беру және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері, мектеп оқушылары қатыса алады).

Конференцияның ашылуы: 2024 жылы 18 сәуір сағат 10.00-де

Тіркелу сағат 09.15-ден басталады.

Мекен-жайы: Астана қаласы №43 ҚББМО ШЖҚ МКК, мекен-жайы Мичурин тұрғын алабы, Бастау 2.

Өткізу тілі: қазақ, орыс.

Конференция бағыттары (секциялары):

Тәрбие секциясы: «Ұлы дала даналығы».

Ғылым секциясы: «Ұлы даланың ұлы тұлғалар мұралары»:

- Химия-биология;
- География;
- Тарих;
- Әдебиеттану;
- Физика-математика;
- Информатика (ұлы тұлғалардың мұраларын жасанды интеллект арқылы өз шығармашылығымен көрсету).

Ұлттық ойындар секциясы: «Ұлы дала ойындары» (*асық атудан жарыс*);

Экология секциясы: «ЭКО boom» (*5-10 сынып оқушылар арасында жоба қорғау*);

Работотехника секциясы: «Робо Арқан тартыс».

Конференцияға қатысу үшін өтінімдер, баяндамалар Ережеде берілген үлгі бойынша 2024 жылдың 20 наурызына дейін sandu_K@mail.ru электронды почтаға қабылданады.

- конференцияға қатысу жеке өтініші (№1 қосымша);
- талаптарға сәйкес жасалған мақаланың мәтіні (№2 қосымша);
- төлем чегінің көшірмесі. Төлем қатысушының атынан төленуі керек.
- тәрбие секциясы: «Ұлы дала даналығы» баяндама талаптары (№3 қосымша);
- ғылым секциясы: «Ұлы даланың ұлы тұлғалар мұралары» баяндама талаптары (№4 қосымша);
- ұлттық ойындар секциясы: «Ұлы дала ойындары» асық атудан жарыс ережесінің талаптары (№5 қосымша);
- экология секциясы: «ЭКО boom» 5-10 сынып оқушылар арасында жоба қорғау талаптары (№6 қосымша);
- работотехника секциясы: «Робо Арқан тартыс» ережесі (№7 қосымша);

Конференцияның барлық қатысушылары қатысқандығы туралы арнайы сертификат алады.

Конференция материалдары Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» <https://astana-modern.kz> сайтында жарияланады.

КОНФЕРЕНЦИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қатысушылар үшін «**ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР МҰРАЛАРЫ**» республикалық конференциясының материалдар жинағында жариялау қарастырылған. Материалдар жинағын конференция аяқталған соң жарияланады.

Конференция бағыттарында жеңімпаздар мен жүлдегерлерді Астана қаласының «Әдістемелік орталығы» МКҚК I, II, III дәрежелі дипломдарымен (әр секция бойынша) марапатталады. Үздік баяндамалар жинақ кітапқа (редакцияланбайды) енгізіледі.

Ұйымдастыру комитеті жариялау үшін мақалаларды таңдау құқығын өзіне қалдырады және материалдарды алғаннан кейін 3 жұмыс күн ішінде авторлық мекенжайға олардың түскенін растайтын хат жібереді.

Растама алмаған қатысушылар материалдардың көшірмесін жасауы керек немесе Ұйымдастыру комитетіне хабарласуы керек.

Материалдар жинағы электронды түрде PDF форматында Республикалық конференция өткізілген күннен кейін 10 күн ішінде қатысушыларға жіберіледі.

Баяндаманы жинақта жариялау құны **4.000 (төрт мың)** теңгені құрайды. *(экология бағытына қатысатын оқушылар тегін өткізіледі).*

Атауы: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

ИИН/БИН: 070540006188

ИИК: KZ42722S000006089425

БИК: CASPKZKA

АО "KASPI BANK"

Мекен жайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ. , Нұра ауданы, Қабанбай Батыра көшесі,

33 үй

КБЕ: 16

КНП: 859

Ұйымдастыру комитеті.

1. Даримбетов Жанболат Ныгметович – Әдістемелік орталығының әдіскері 87016722529
2. Кампышев Серікбай Бейсембаевич - Әдістемелік орталығының әдіскері 87016505319
3. Жагабаев Нуртас Курманғалиевич – «№43ҚББМ» директоры (87025316029);
4. Кусбекова Сандугаш Темировна – мектеп директорының ОІЖ (87026422545);
5. Изатова Алмагүл Есенгелдиновна – мектеп директорының ОІЖ орынбасары орынбасары (87025968522);
6. Саттыбаева Күлаш Кенжебаевна - мектеп директорының ТІЖ орынбасары (87011770272);
7. Амангелді Нұрзат Қанатұлы– мектеп директорының ақпараттандыру бойынша орынбасары; (87755539511);
8. Акимбекова Асия Ромазановна – «Тілдер» әдістемелік бірлестігінің жетекшісі; (87012871665);
9. Омаров Жасулан Кенжеғалиевич – «ЖМБ» әдістемелік бірлестігінің жетекшісі. (87024600576);
10. Рахимбаева Гулсара Силановна – «Мұғалімдер кәсіподақ ұйымының» төрайымы (87761446467);
11. Махметова Мадина Болатовна – информатика пәнінің мұғлімі (87712820323).

**Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы С. Дауешоваға
(ұйым атауы, ұйымның басшысынан)**

Сұраныс

«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР МҰРАЛАРЫ» атты республикалық конференциясына қатысуға рұқсат етуіңізді сұраймын.

Қатысушының тегі, аты-жөні, лауазымы	
Лауазымы, пәні	
Облыс, аудан, қала, село, (ауыл) атауы	
Білім беру мекеменің атауы	
Секция бағыттары	
Баяндаманың тақырыбы	
Ұялы телефоны, e-mail, 3-4 фотосы	

Мақала жазуына қойылатын талаптар

- жаңашылдық және өзіндік ерекшелігі (жаңа идея, технология, әдіс-тәсіл немесе біреудің авторлық идеясын кеңейтудің, апробациядан өткізудің, оның әдісі мен технологиясы тиімділігінің дәлеліндегі жаңа нұсқа ұсынылады);
- өзектілік (нәтижелердің маңызды ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге жарамды болу мүмкіндігі);
- тәжірибелік (мақалада тәжірибелік іс-әрекетті көрсету, мақалада тәжірибе алмасу тәсілдерінің болуы);
- әдіскерлік (мақаладағы ұсыныстардың санымен және пайдалылығымен анықталады);
- дәлелдемелік (дәйексөздердің сенімділігімен, тұжырымдардың дәлелділігімен, статистикалық нәтижелердің болуымен және оларды интерпретациялаудың дәйектілігімен анықталады).

Материалдарды баспаға ресімдеуге қойылатын талаптар:

Баяндама (мақала) мәтіні 3 парақтан аспауы керек және тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылуы керек:

- Парақтардың параметрлері: жоғары – 2 см., төменгі -2 см., сол жағы- 2,5 см., оң жағы-1,5 см.
- Шрифт: Times New Roman, кегл – 14
- Жол аралық : 1 интервалмен
- Жаңа жол: 0,9 см.
- Бір жолдан кейін-ортасынан баяндама тақырыбы (бас әріптермен, қою шрифтпен) жазылып, төменгі жағына орындаушының аты-жөні бас әріптермен, мекеменің атауымен қоса беріледі. Библиографиялық тізім мақаланың соңында алфавиттік ретпен беріледі.

Қатысушының жұмысы және тіркеу парағы бір файлда сақталып, файл автордың тегімен аталуы қажет. Баяндама материалдары мен тіркеу формасы 2024 жылғы 16 ақпанға дейін қабылданады. Талапқа сай толтырылмаған және уақытынан кешіктірілген, сондай-ақ, көшірілген жұмыстар конференцияға қатыстырылмайды.

ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРЫ:
ТӘРБИЕ СЕКЦИЯСЫ: «ҰЛЫ ДАЛА ДАНАЛЫҒЫ»

Конференцияға ұсынылған баяндамалар авторлық, яғни қатысушының тікелей өзі дайындаған инновациялық педагогикалық тәжірибе нәтижесі бар болуы тиіс. Материалдардың тақырыбы жоғарыда көрсетілген бағыттарда мазмұндас болуы шарт. Баяндама тәжірибелік, әдістемелік сипатта және жалпыға танылған ғылыми дәлелдерге, әдептілік нормалар мен заңнамаға, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Үлгілік оқу бағдарламаларының талаптары қайшы келмеуі керек.

Конференцияға офлайн қатысу болады. Қатысушы жұмысын баяндама офлайн форматта еркін түрде (TED форматында) қорғау үшін 4-5 минут беріледі.

Баяндамға қойылатын талаптар:

баяндама мәтіні 4-тен кем, 5 парақты (А4) артық болмауы керек және тіркеу формасы MS Word мәтіндік редакторы бойынша жазылуы керек;

парақтардың параметрлері: жоғарыдан -2 см, төменнен-2 см, сол жағынан – 2,5 см, оң жағынан – 1,5 см;

шрифт: Times New Roman, кегл -14, жол аралық -1 интервалмен, жаңа жол -0,9см;

бір жолдан кейін ортасымен баяндама тақырыбы (бас әріппен, қою шрифтпен) жазылып, төмендегі жағына авторлық аты-жөні, жұмыс орны, пәні, лауазымы, категориясы, атағы жазылады;

бір жол тасталып негізгі жұмыс мәтіні жазылады;

Презентацияға қойылатын талаптар:

Презентация тым көп ақпаратпен толтырмаған абзал. Ең маңызды ақпарат слайдтың ортасына орналастырыған дұрыс. Негізгі ақпарат тезис, негізгі фразалар және графикалық ақпараттар (сызбалар, графиктер, суреттер және т.б.) түрінде болуы керек.

Презентация саны 7-10-нан аспауы керек.

Презентация көрермендерге сіздің ойыңызды, сөзіңізді толықтырушы, бағыт-бағдар беруші, тақырыбыңызды ашып түсіндіруші, сілтеп көрсетуші рөлінде болуын қадағалаңыз.

Регламент 5 минут.

Конференция тақырыбы мен баяндама рәсімдеудің талаптарына сәйкес келмейтін, сонымен қатар көретілген уақыттан кейін жіберілген материалдар ұйымдастырушылардың шешімімен жинаққа енгізілмейді.

**ҒЫЛЫМ СЕКЦИЯСЫ: «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР
МҰРАЛАРЫ»**

Республикалық конференцияның қатысушыларының баяндамалары Конференцияның таңдалған бағыттарына сәйкес ұйымдастырылады.

Баяндама жасау және пікірталас алаңдарын өткізу кезінде Конференция қатысушыларына келесі талаптар қойылады:

- ұсынылған іс-тәжірибенің жаңашылдығы;
- ұсынылған іс -тәжірибенің өзектілігі;
- талқыланатын саладағы негізгі мәселелерді анықтау, талқылау;
- проблемаларды шешу жолдарын ұсыну;
- зерттеулердің нәтижесі;
- практикалық тәжірибенің мәні, оның технологиясы: нақты педагогикалық іс - әрекеттер жүйесі, ұйымдастырылуы, мазмұны, нысаны және жұмыс жасау әдістері.
- конференцияның ұсынымдарын шығару үшін ұсыныстарды қабылдау.

Сөз сөйлеу кезінде презентацияларды қолдануға рұқсат.

Әр қатысушыға регламент - 5-7 минут (слайд 5 беттен аспау керек)

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР СЕКЦИЯСЫ: «ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ»

Ойын тәртібі:

Асық ату «Бес табан ойыны». Жекелей түрде өткізіледі.

«Бес табан» ойыны (500см) шеңберде ойналады.

Шеңбердің екі жағындағы ату сызығы сызылады (көннен қашықтығы бм.оңға және солға). Шеңбердің ортасына көнге 13 -15 асық тігіледі. Бірінші болып 5,6,7,8 асықты атып алған ойыншы жеңімпаз атанады. Ату кезеңін сақаларды иіру арқылы анықтайды, ойынға қатысушылар ату сызығынан кезек бойынша ортадағы асықтарды атады. Ату сызығын басып атуға болмайды. Ойыншы кезегін жоғалтады. 3 рет ескерту берілсе – қарсылас шеңберден атуға мүмкіндікке ие болады.

Еденмен сақаны сырғытып сілтеуіне қатаң тиым салынады. Шеңберден ату кезінде ойыншы артқы аяғын көтеруге болмайды, аяқ көтеріліп немесе жылжып кетсе, шеңберден шығара алмаса кезек екінші ойыншыға тиеді. Ату кезінде сақа тиген асық шеңбер сызығынан өтуге міндетті, егер, асық сызықтан өтсе ойыншыға мүмкіндік береді, төреші ойыншыға шеңбердің (500 см.) сыртынан көндегі кеней асықтарды атуға рұқсат береді, ойын сол асық арқылы жалғасын табады. Ату кезінде ойыншы асықты шеңберден шығара алмаса яғни, шеңбердің ішінде қалса жығылғын асықты жатысына қарай яғни, шеңбер сызығынан бір табаннан қашық жатса сол асықты диагональ бағытта атады, ал көн сызығы бойында жатса ол кезде параллель бағытта татады, тигізе алмаса асықты көнге қойтып тігеді, кекзек қарсылас ойыншыға көшеді.

Ату кезінде сақа тиген асық шеңбер сызығынан өтпей көн сызығынан жығылса және асық сызықтан өтпей бір табан бойында қалса ойыншыға оңтайлы мүмкіндік беріледі, яғни төреші ойыншыға шеңбер (500см.) сызығынан (оңға немесе солға) бес табан санап көндегі кеней асықтарды атуға рұқсат береді. Ойын осы асық арқылы жалғасын табады..

Әр мекемеден 2 мұғалімнен артық емес.

ЭКОЛОГИЯ СЕКЦИЯСЫ: «ЭКО BOOM»

«ЭКО boom» бағыты – экодизайнерлер байқауы. Командалық жұмыстар қабылданады (2 қатысушыдан артық емес). Қоршаған ортаны сақтауға бағытталған экологиялық акциялар мен табиғатты қорғау іс-шараларын көрсететін жобалар конкурсы. Осы бағыт бойынша экологиялық жағдайды жақсартатын түрлі дизайнерлік макеттер мен жобалар қабылданады.

«РОБОТОТЕХНИКА СЕКЦИЯСЫ: «РОБО АРҚАН ТАРТЫС»

Сайыстың шарты

«Робо Арқан тартыс» сайысына қатысу үшін, қатысушыларға қарсыласын тиімді жолмен сызықтың бергі жағына тарта алатын әр команда екі автономды робот құрастырулары қажет.

Сайыс екі роботтың арасында өтеді.

Раундтың өту ұзақтығы – 3 минут.

Робот

Робот автономды болуы қажет

Роботтың максималды ұзындығы – 250 мм

Максимал ені – 250 мм

Максимал биіктігі – 250 мм

Роботтың салмағы 1 кг аспауы қажет

Сайыс кезінде роботтың салмағы мен өлшемі өзгеріссіз болуы қажет.

Сайысқа LEGO конструкторы бойынша құрастырылған роботтар қатыса алады.

Сайыстың өткізілуі

«Робо Арқан тартыс» роботтар сайысы бірнеше кезеңнен, бір раундтан тұрады.

Роботтар «бетпе-бет» қарап орналасады.

Өтіп жатқан турда екі роботтың да бірін-бірін өз алаңына тартып алуға екінші мүмкіндіктері бар.

Екінші мүмкіндік төмендегі жағдайлар орын алғанда беріледі:

- Роботтар турды сыртқы кедергілерге байланысты аяқтай алмаған жағдайда;
- Жарыс алаңының талапқа сай келмеуіне байланысты роботтар жұмысына кедергі келтірілсе;
- Төрешінің жіберген қателігінің кесірінен;
- Егер Старт командасынан кейін 10с ішінде екі робот та белсенділік танытпаса.

Осы жағдайлар кездескен жағдайда екінші мүмкіндік сол турдың соңына қалдырылады.

Турлар арасында қатысушылар роботтың құрылысына өзгерістер енгізе алады (соның ішінде жөндеу, қуат көзін ауыстыру, программасын өзгерту және т.б.), егер енгізілген өзгерістер сайыстың барлық ережесіне қайшы келмейтін болса. Роботқа өзгерістер енгізуге 10 мин уақыт беріледі. Уақыт техникалық комиссия құрамындағы төрешімен қадағаланады.

Тур басталмас бұрын қатысушылар роботтарын «Карантин» аймағына орналастыруы қажет. Техникалық комиссия құрамындағы төрешінің роботтарды сайыс ережесіне сай деп тапқан жағдайда сайыс басталады.

Егер техникалық байқау кезінде роботтың құрылысы ережеге сай келмеген жағдайда оны жөндеуге 3 минут уақыт беріледі. Егер берілген уақыт ішінде қателік түзетілмесе онда робот сайысқа қатыса алмайды.

